




ДӘРІГЕРЛЕР МЕН ФАРМАЦЕВТТЕР ҮШІН ДӘРІ-ДӘРМЕК БЮЛЛЕТЕНІ

РЕЦЕПТ— рецепт жазушы тұлға атынан рецепт бойынша дәрі босататын тұлғаға нұсқаулық.

Әр елдің рецепт үшін қажет ететін ақпарат минимумының өзіндік стандарттары, дәрігер рецепті бойынша босатылатын дәрілер тізбесін анықтау бойынша өзіндік стандарттары мен ережелері бар.

Ең басты талап - рецепт анық жазылуы тиіс және негізгі 3 бөлімді қамтиды: **Respe. Da. Signa.**

Ешқашан былай жазбаңыз!



Rp: - бұл қысқартылған **Recipe** (латын тілінде — “алу”). Rp соң: дәрінің атауын, дозалануын және оның мөлшерін жазу керекБелгіленген мөлшер әр таблеткада, суппозиторияда немесе ерітінді миллилитрінде қанша миллиграмм болатынын көрсетуі тиіс. Пайдаланылатын қысқартулар жалпымен қабылданған, халықаралық болуы тиіс: **g** — грамм, орнына **мл** — миллилитр орнына.

Мысалы, Левотироксин 50 микрограмм, бірақ 0,05 миллиграмм емес және т.б. .

D.— бұл **Da** қысқартуы (латын тілінде — “беру»). Бұнымен дәрінің бір реттік дозасы белгіленеді.

10,0 ЕД	10 ЕД
1,0 мл	1 мл
10,0 мг	10 мг

Бақылауға алынған дәрілік заттарға берілетін рецепттерге жалған қосып жазуларды болдырмау мақсатында емдік заттың мөлшерін сөзбен жазған неғұрлым қауіпсіз саналады.

Rp.: Tab. Diazepam 5 mg №10 (десять)

S.—бұл қысқартылған **Signa** (латын тілінде “белгілеу»). Дәрілік затты пайдалану жөніндегі нұсқаулық пациент үшін дәрігер тарапынан жазылып, анық болуы, дозалау режимдері және қолдану ерекшеліктері көрсетілуі тиіс. Түсініксіз жазылған рецепт қателерге жол беруі мүмкін.

Маңызды!!!

- Қаламсапты немесе құйылып жағылмайтын сияны пайдаланыңыз.
- Фармацевтке түсінікті және белгілі болатын тек стандарттық қысқартуларды пайдаланыңыз.
- Рецептті жазу аса ұқыптылықты талап етеді. Рецепттерді ешқашан ден қоймастан жазбаңыз
- Рецептте түзетулерге жол берілмейді.

Дереккөз: Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының Дәрілік заттарды тиісінше белгілеу нұсқаулығы. Негізгі емдік заттар бойынша әрекет ету бағдамасы Практикалық құрал (1997ж)

- Дәрігер – сіз керемет сиқыршысыз! Сіз жазып берген дәрі маған көмектесті!
- Шынын айтсам, сиқыршы бұл - дәріханашы, мен рецепт орнына жай ғана шимайланған қағаз берген едім



NB!

- **Түсінікті және анық жазу— дәрігердің заңды міндеті!**
- **Фармацевттің дұрыс емес және түсініксіз жазылған рецепт бойынша дәрі жіберуге құқығы жоқ!**

Дәрі-дәрмектерді дұрыс пайдалану пациенттердің дәрілерді өзіндік клиникалық мұқтажыдықтарына қарай, жеке қажеттіліктері бойынша дозаларда, дұрыс деп танылған уақыт кезеңіне және олар және қоғам үшін ең төмен бағада алуын талап етеді.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы, 1988ж.

Бұдан әрі:

Емдік заттарды 2
рецептімен
босатуға
жатқызу
қағидалары

Рецепттерді
жазып беру
ережелері 3

ҚР-да
бақылауға
жататын
есірткілік,
психотроптық
заттар мен
прекурсорлард
ы пайдалану
қағидалары 4

Көтерме және 6
бөлшек
саудада
өткізу
қағидалары

Емдік заттарды рецептпен босатуға жатқызу қағидалары

ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОДЕКСІ

(01.01.2016 ж. күйі бойынша өзгертулер және толықтырулармен)

Дәрілік зат – фармакологиялық активті заттарды білдіретін немесе қамтитын, адам организммен байланысқа түсетін немесе оның ағзалары мен тіндеріне өтетін, аурулардың профилактикасына, диагностикасына және оларды емдеуге, сондай-ақ организмнің жай-күйі мен функцияларын өзгертуге арналған заттар: дәрілік субстанция, дәрілік шикізат, дәрілік заттардың балк-өнімдері, дәрілік препараттар;

Дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауы - дәрілік заттың Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған атауы;

Дәрігердің рецепті бойынша босатуға арналған дәрілік заттарды рецептсіз өткізуге тыйым салынады .

«Емдік заттарды рецептпен босатуға жатқызу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 ж. 28 сәуірдегі №288 бұйрығы

Рецептпен босатылатын дәрілік заттарға:

1) есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және Қазақстан Республикасында бақылауға жататын, құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттар;

- 2) парентералдық енгізуге арналған дәрілік заттар ;
- 3) стационар жағдайында ғана қолданылатын дәрілік

Парентералдық енгізу жолы – кемшіліктері:

- **күрделі техника** манипуляциялар, арнайы оқытылған персоналдың жасауын талап етеді ;
 - **асептика сақталмаған жағдайда инфекция жұқтыруы** , дұрыс емес техника кезінде ауа эмболиясы, ұялардың құрылуы ықтимал;
 - **ауыртпалылық**;
 - арнайы өңдеуден өтпесе, ерітінділерді, эмульсиялар мен суспензияларды енгізудің мүмкін еместігі

заттар, оның ішінде диагностикалық дәрілік заттар;

4) тағайындау мен одан арғы қабылдау дәрігердің тұрақты бақылауымен жүргізілуі қажет дәрілік заттар;

Варфарин (қан кету тәуекелін азайту үшін ХНҚ деңгейін бақылау керек), **вальпрой қышқылы** (жоғары гепатотоксінділік салдарынан қандағы дәрі деңгейін анықтауды, бауыр функциясының мониторингін жүргізу керек), **цитостатикалар** (лейкоциттер, тромбоциттер, эритроциттер, сондай-ақ бауыр ферменттерінің деңгейін бақылау керек).

5) диагнозы стационар жағдайларында немесе қажетті диагностикалық жабдығы бар мекемелерде қойылатын, ал дәрілік препаратты қолдану және одан арғы бақылау амбулаториялық жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін ауруларды емдеуге арналған дәрілік препараттар;

6) құрамында одан әрі зерттеуді талап ететін дәрілік субстанция, белсенділігі және (немесе) кері әсері бар дәрілік заттар:

- алғаш тіркелген, жаңа әсер етуші заты бар дәрілік препараттар;
- қолданылу тәжірибесі шектеулі және (немесе) сатылуы төмен дәрілік препараттар (дәрілік препараттың басқа елдерде тіркеуден кейінгі қолдану тәжірибесін, соның ішінде жалпы көпшілікте қолданылуы (клиникалық зерттеулер болған кезде) есепке ала отырып);
- жаңа доза, дозалаудың жаңа режимі, енгізудің жаңа тәсілі, қолдануға жаңа көрсетілімдер, жас шамасының жаңа топтары;

7) дәрілік препаратты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес медициналық бақылаусыз қолданған кезде адам денсаулығына қауіп төндіретін (репродуктивті уыттылықты, гендік уыттылықты қоса алғанда уыттылық, тератогенділік, канцерогенділік, дәрілік препараттың әсер етуші затының фармакологиялық белсенділігімен байланысты маңызды жағымсыз реакциялар, болжанбаған маңызды жағымсыз реакциялар, жиі қолданылатын дәрілік препараттармен өзара әрекетінен маңызды көлденең жағымсыз реакциялар, негізгі аурудың бұркемелеуін тудыруы мүмкін дәрілік препараттар);

Изотретиноин - *тератогендік әсері күшті дәрі-дәрмек, бұл препаратты жүктілікте қабылдау кезінде (кез келген дозада, тіптен ұзақ уақыт болмаса), баланың даму ауытқыларымен туылуының үлкен қаупі бар*

8) халықтың дәрілік препараттың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулығының талаптарын сақтамай қолдануы кезінде адам денсаулығына қауіп төндіретін дәрілік заттар (дәрілік препаратты ұзақ қолдану кезіндегі жағымсыз реакциялары: толеранттық, кумулятивтік әсерлер, тоқтату немесе рикошет синдромы, тәуелділіктің дамуы, дәрілік өзара әсері).

Нестероидтық суық тиюге қарсы заттар (диклофенак, ацетилсалицил қышқылы, мелоксикам, және т.б.) – ұзақ уақыт бойына бақылаусыз қабылдау кезінде асқазан қабығының жаралануын, тіптен қан кетуге дейін себеп болуы мүмкін.

Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының аз дозасы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бақылауға жатпайтын және бұл заттарды асыра пайдалану үшін препараттан жеткілікті мөлшерде оңай тәсілмен бөліп алынбайтын көп компонентті дәрілік заттар **рецептпен босатылатын санатқа жатпайды.**

Рецепттерді жазып беру ережелері

«Рецептілерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДӘДМ 2015 жылғы 22 мамырдағы №373 бұйрығы

1. Рецепттер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша бланкілерде тиісті медициналық көрсітілімдер бар болған кезде өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлерімен жазылады. (1 - қосымша)

2. Рецепттер рецепт жазып берген медицина қызметкерінің қолымен және жеке мөрімен расталады.

3. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген шеңберінде дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды алуға рецепттер амбулаториялық деңгейде автоматтандырылған жүйеде электрондық түрде жазылады, есепке алынады және мониторинг жүргізіледі.

Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде рецепттерді жазу қолмен жүзеге асырылады.

Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті шартта алуға рецепттер медициналық ұйымның бұйрығымен айқындалған қосымша уәкілетті органның қолы қойғызылады және «Рецептілер үшін» денсаулық сақтау ұйымының мөрімен расталады (2- қосымша).

Рецептілерге қол қоюға құқығы бар уәкілетті адамдардың қолдарының үлгілерін денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен тиісті шарттары бар фармацевтикалық қызмет объектілеріне медициналық ұйымдары жібереді.

Фельдшерлік-акушерлік пункттерінің меңгерушісі тегін және жеңілдікті негізде дәрілік заттарды алуға рецептіні өзінің қолымен және фельдшерлік-акушерлік пункттің мөрімен растайды.

4. Ауылдық елді мекендерде дәрігерлер болмаған жағдайда рецепттерді науқастарға амбулаториялық қабылдауды жүргізетін орта медицина қызметкері жазады.

5. **Қазақстан Республикасында тіркелмеген және қолдануға рұқсат етілмеген** дәрілік заттарға рецепттер жазылмайды.

6. Рецепттер науқастың жас шамасы және дәрілік заттардың құрамына кіретін ингредиенттердің әсерінің сипаты ескеріліп жазылады.

7. Тегін және жеңілдікті дәрілік заттарды алуға рецептінің мазмұны мен нөмірі науқастың амбулаториялық картасында белгіленеді.

8. Рецепттер бланкте көзделген барлық бағандарын міндетті түрде толтырумен анық дәрілік заттардың **халықаралық патенттелмеген** немесе **сауда атауымен латын тілінде** жазылады, қолдану тәсілі дозасы, жиілігі және қабылдау ұзақтығы көрсетіле отырып, сәйкес бағандарда мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жазылады. Жалпылама нұсқаулармен («Белгілі», «Ішке қолдануға», «Сыртқа қолдануға») шектеулерге жол берілмейді. **Рецептіде түзетуге жол берілмейді**.

Қатты шашылатын заттар граммен (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), сұйық заттар - миллилитрлерде, грамдарда және қанша тамшы құю қажет екені жазылады.

9. Рецептінде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес негізгі рецептуралық қысқартулар қолданылады

10. Тегін немесе жеңілдікті негізде дәрілік заттарды алуға **бір рецептуралық бланкте** құрамында туынды 8-оксихинолин, гормоналды стероидтар, клонидин, анаболикалық стероидтар, кодеин, тропикамид, циклопентолат, трамадол, буторфанол бар дәрілік заттардың бір атауы, ал қалған **дәрілік заттардың – кемінде екі атауы** көрсетіледі.

11. Жоғары **бір реттік дозадан асатын** дозадағы дәрілік затты жазу кезінде дәрігер рецептінде дәрілік заттың дозасын **жазумен және леп белгісімен** белгілейді. Дәрігер бұл талаптарды сақтамаған жағдайда фармацевтика қызметкері жазылған дәрілік затты белгіленген жоғары **бір реттік дозаның жартысын** босатады.

12. Стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында ғана қолданылатын дәрілік заттарға рецепттер жазылмайды.

13. Дәрілік заттарға, соның ішінде **тегін және жеңілдікті** шартта өткізілетін рецептілер **1 ай ішінде** жарамды.

14. Науқастарға жазылған дәрілік препараттың саны емдеу курсының есебінен, ал тұрақты (ұзақ) емделуге мұқтаж адамдарға **үш ай есебінен** көрсетіледі.

15. Осы Қағидаларға 10-тармақта көрсетілген дәрілік заттарды алуға рецепттерді жазған күннен бастап **күнітзбелік 10 күн** ішінде жарамды.

16. Тегін негізде босатылған дәрілік заттарға рецепттерді сақтау **3 жыл** ішінде фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің жеткізушілері жүзеге асырады.

17. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында жазылған дәрілік заттарға рецепттер республиканың барлық аумағында жарамды, дәрілік заттарды тегін және жеңілдікпен босатуға рецепттерді қоспағанда республиканың (аудан, қала, облыс) әкімшілік-аумақтық бірлігінде жарамды. (4 - қосымша)



ҚР-да бақылауға жататын есірткілік, психотроптық заттар мен прекурсорларды пайдалану қағидалары

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және бейімделген емдік өнімдердің тізбесі, **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786** «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және бейімделген емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген **Тізбеге 49 нозология (жай-күй) енеді.**

«Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды медициналық мақсатта пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы №32 бұйрығы

1. Науқастарға құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың **рецепттерін** тиісті медициналық көрсетілімдері болғанда науқастың жасын ескере отырып, денсаулық сақтау ұйымының дәрігерлері, фельдшерлер, акушерлер немесе өз бетінше қабылдау жүргізетін дәрігерлер жазып беріп, **қолын қояды, жеке мөрімен және денсаулық сақтау ұйымының мөртабанымен және мөрімен куәландырылады.**

2. Амбулаториялық науқастарға құрамында Тізімнің II кестесіндегі («Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі №279 Заңы) есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттар осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша типографиялық тәсілмен дайындалған, А6 форматты, коды, бланк нөмірі мен қорғалу дәрежесі бар **қызылт түсті арнайы рецептілік бланкте** жазып беріледі (4- қосымша).

Коды осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігінің шартты сандық мәнін қамтиды. (5- қосымша)

3. **Арнайы рецептілік бланкілердегі рецептілер** дәрігердің өз қолымен жазылады, денсаулық сақтау ұйымының мөртабанымен, мөрімен, дәрігердің жеке мөрімен, дәрігердің қолымен, денсаулық сақтау ұйымының бас дәрігерінің немесе оның орынбасарының қолымен куәландырылады. Рецептінде учаскенің нөмірі, медициналық құжаттаманың нөмірі, рецептіні жазып берген

дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), сондай-ақ науқастың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жасы мен тұрғылықты мекенжайы көрсетіледі.

Арнайы рецептілік бланкілердің түбіртектері рецептке сәйкес толтырылады және денсаулық сақтау ұйымдарында олардың сақталуына жауапты адамда сақталады.

4. Рецепттің мазмұны, арнайы рецептілік бланкінің сериясы мен нөмірі науқастың медициналық құжаттамасына енгізіледі.

5. Құрамында Тізімнің II, III, IV кестелеріндегі («Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі №279 Заңы) есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың рецептілерін тегін немесе жеңілдік жағдайларда жазып беру кезінде рецептілік бланкіге қосымша тегін немесе жеңілдікті босату рецептісі жазып беріледі. Жазып берілген рецептілер осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес дәрілік заттарды **тегін алуға жазып берілген рецептілерді тіркеу журналында** тіркеледі.

6. Тізімнің III, IV кестелеріндегі құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың рецептілері «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген № 130/е (1–қосымша) нысаны бойынша белгіленген үлгідегі рецептілік бланктерде жазылып беріледі.

7. Көп компонентті дәрілік нысандардың құрамына кіретін құрамында **есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың атауы** рецептіде **бірінші** жазылады, сосын барлық қалған ингредиенттері көрсетіледі .

8. Жоғары **бір реттік қабылдаудан** асатын дозадағы құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың рецептілерін жазып берген кезде **дәрілік заттың дозасы жазумен жазылады және леп белгісі қойылады.**

Дәрігер бұл талапты сақтамаған жағдайда фармацевтика қызметкері **жазып берілген дәрілік заттың жоғары бір реттік дозасының жартысын береді.**

9. Осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес, **бір рецептуралық бланкіде** құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды бір рецептіге жазып берудің және босатудың рұқсат етілген шекті нормаларынан аспайтын мөлшерде Тізімнің II, III, IV кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың **бір ғана атауы** жазылады.

ҚР-да бақылауға жататын есірткілік, психотроптық заттар мен прекурсорларды пайдалану қағидалары

10. **Инкурабельді онкологиялық** (гематологиялық) науқастарды емдеу үшін құрамында Тізімнің II, III, IV кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың бір рецептіде жазып берілген мөлшері **2 есеге ұлғаюы** мүмкін. Дәрілік заттың мөлшері жазумен жазылады және леп белгісі қойылады.

Ерекше жағдайларда медициналық айғақтары бойынша инкурабельді науқасқа арналған дәрілік зат 5-10 күн емдеуге қажетті мөлшерде бірнеше рецептіде, бірақ осы Қағидаларға 8-қосымшада көрсетілген рұқсат етілген нормалардан асырмай жазып берілуі мүмкін.

Көзге арналған дәрілік нысандарда созылмалы науқастарға бір рецептіде жазып берілген этилморфин гидрохлоридінің мөлшерін босату нормасынан бес есеге дейін ұлғайтуға рұқсат етіледі.

11. Созылмалы аурулары бар науқастарға құрамында Тізімнің III, IV кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың рецептілерін **мерзімі бір айға дейінгі емдеу курсына** жазып беруге **рұқсат беріледі**. Бұл жағдайларда рецептуралық бланкіде «Арнайы тағайындау бойынша» деп көрсетіледі. «Арнайы тағайындау бойынша» деген нұсқауды дәрігердің өзі жазады, қолымен және жеке мөрімен растайды.

12. Құрамында Тізім кестелеріндегі есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың рецептілері рецепт берілген сәттен бастап күнтізбелік **15 күн ішінде** жарамды.

13. **Рецептілер** бланкіде қарастырылған барлық бағандары міндетті түрде толтырылып, **анық жазылады**. **Рецептіде түзетулерге жол берілмейді**.

14. Дәрілік заттарды **қолдану тәсілі мемлекеттік немесе орыс тілінде** дозасы, қабылдау жиілігі мен ұзақтығы көрсетіліп, белгіленеді. Жалпы нұсқаулармен шектелуге жол берілмейді.

+

15. Рецептілерді жазу және беру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімінде **тіркелмеген** және Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарға рецепт жазып беруге;

2) **нашақорлыққа шалдыққан** науқастарға құрамында Тізімнің II кестесіндегі **есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттарды** жазып беруге;

3) амбулаториялық науқастарға этил эфирін, сондай-ақ **фентанилдің** инъекциялық ерітінділеріне рецептілер жазып беруге және босатуға;

4) бір рецептілік бланкіге құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды осы Қағидаларға қосымшада көрсетілген

мөлшерден артық жазып беруге және босатуға (6-қосымша);

5) рецептіде жазып берілген есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың дайындалу **нысаны құрамынан бөлек** заттарды босатуға жол берілмейді.

16. **Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін рецепті жарамсыз болып табылады** және «Рецепт жарамсыз» деген мөртабанмен жабылады, № 907 бұйрықпен бекітілген № 134/е нысаны бойынша дұрыс жазылмаған рецептілерді есепке алу журналында тіркеледі, одан кейін науқасқа қайтарылып беріледі. Дұрыс жазылмаған рецептілерді есепке алу журналы нөмірленген, тігілген және басшының қолымен және дәріхана ұйымының мөрімен бекітілуі тиіс. (7-қосымша).

Дұрыс жазылып берілмеген рецептілер туралы **ақпарат** жазып берілген рецептіде қате табылған сәттен бастап бір күн ішінде тиісті денсаулық сақтау ұйымының **басшысына** тапсырылады.

Рецепт жазып берген адам, науқас қайта жүгінген сәтте оның **тиісінше ресімделуін** қамтамасыз етеді.

17. Құрамында Тізімнің II кестесіндегі есірткі, психотроптық заттар бар дәрілік заттардың рецептілері олар жазылған республиканың **әкімшілік-аумақтық бірлігі шегінде**, Тізімнің III, IV кестелеріндегі дәрілік заттарына жазылған рецептілер **Қазақстан Республикасының барлық аумағында** жарамды.



Көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидалары

«Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме және бөлшек саудада өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 қыркүйектегі № 713 бұйрығы.

1. Жазылған рецептінің **дұрыстығын**, оның жарамдылық мерзімін, жазылып берілген дозалардың науқастың жасына сәйкестігін, ингредиенттерінің сыйымдылығын, бір рет босату нормаларын **тексеру қамтамасыз етіледі**;

2. **Ветеринария дәрігерлерінің** рецептілері бойынша дәрілік заттар бөлшек саудада өткізуге жатпайды.

3. Дәрігер жазып берген дәрілік зат болмаған жағдайда бөлшек саудада өткізу объектісінің маманы пациентке дәрігердің келісімінсіз **бағасы ең төмен** дәрілік заттан бастап **халықаралық патенттелмеген атауымен** қолда бар дәрілік заттың синонимдерін ұсынады немесе емдеуші дәрігермен келісім бойынша оны фармакологиялық ұқсас дәрілік затқа ауыстыруды жүзеге асырады.

Бұл ретте, рецептінің келесі бетінде босатылған дәрілік заттың саудалық атауын көрсету, қолын және босату күнін қою қажет.

5. Оны **рәсімдеу талаптарына сәйкес келмейтін** және (немесе) құрамында дәрілік препаратты жеке дайындау үшін сыйымсыз компоненттері бар рецепт **жарамсыз** болып саналады және дәріханада, дәріхана пунктінде қалдырылады.

6. Жарамсыз рецептілер **«Рецепт жарамсыз»** деген мөрмен жабылады, нөмірленген, тігілген және басшының қолымен және дәріхананың, дәріхана пунктіннің мөрімен (болған жағдайда) бекітілген, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша **Дұрыс жазылмаған рецептілерді есепке алу журналында** тіркеледі

7. Дұрыс жазылмаған рецептілер туралы ақпарат тиісті медициналық ұйымның **басшысына** және (немесе) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың тиісті жергілікті органдарына мәлімет үшін беріледі.

8. Дәріханада, дәріхана пункттерінде рецептілерді сақтау мерзімдері:
тегін босатылатын дәрілік заттарға **3 жылды**; құрамында: туынды 8-оксихинолин, гормондық стероидтер, анаболиялық стероидтер бар дәрілік заттарға **3 айды**; улы заттар, клонидин, кодеин, тропикамид, циклопентолат, прегабалин, зопиклон, дифенгидрамин, прометазин бар **3 жылды** құрайды .

9. Сақтау мерзімдері өткеннен кейін рецептілер **жойылуы тиіс**.

10. Рецептілерді жою үшін құрамына дәріхананың, дәріхана пунктіннің басшысы мен материалдық жауапты тұлғалары кіретін **комиссия** құрылады.

Комиссия жою туралы акт құрастырады, онда кезеңі және жойылған рецептілердің саны көрсетіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚОДЕКСІ (01.01.2016 ж. күйі бойынша)

82-бап Медицина қызметкерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, дәрілік заттарды өткізу қағидаларын және рецептер жазып беру жөніндегі талаптарды бұзуы

1. Медицина қызметкерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, дәрілік заттарды өткізу қағидаларын және рецептер жазып беру жөніндегі талаптарды бұзуы –жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға **он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде** айыппұл салуға әкеп соғады

2. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл сол іс-әрекеттер – **жеке тұлғаларға – маман сертификатынан айыра отырып** не онсыз, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, **лауазымды адамдарға жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл** салуға әкеп соғады.

424—бап . Заңсыз медициналық және (немесе) фармацевтикалық қызмет

1. Қызметтің осы түріне арналған сертификаты және (немесе) лицензиясы жоқ тұлғаның **заңсыз медициналық және (немесе) фармацевтикалық қызметпен** айналысуы - жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде **айыппұл** салуға әкеп соғады.

2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында оны **ақылы негізде** көрсету – жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде **айыппұл** салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін **бір жыл ішінде қайталап жасау** – жеке тұлғаларға маман сертификатынан айыра отырып – отыз, әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістер **тәркілене отырып**, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – алпыс бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде **айыппұл** салуға әкеп соғады.

4. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, дәрілік заттар тағайындауға уәкілетті **медицина жұмыскерлерінің** сыйақы алу мақсатында **дәрілік заттар жарнамасына қатысуы**, медицина жұмыскерлерінің дәрілік заттарды жұмыс орнында өткізуі, сондай-ақ белгілі бір дәріхана ұйымдарына немесе өзге де ұйым түрлеріне жіберуі және олармен ынтымақтастықтың басқа да нысандары – жеке тұлғаларға маман сертификатынан

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі

айыра отырып – сексен, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде **айыппұл** салуға әкеп соғады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ (24.11.2015 ж. күй бойынша)

12.- бөлім. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

317-бап. Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы

1. Медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттеріне **ұқыпсыз қарауы** немесе адал қарамауы салдарынан оларды орындамауы немесе тиісінше орындамауы, сол сияқты медициналық көмек көрсету тәртібін немесе стандарттарын сақтамауы, егер бұл іс-әрекеттер абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу **құқығынан** бір жылға дейінгі мерзімге **айыра отырып** немесе онсыз, екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде **айыппұл** салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не алпыс тәулікке дейінгі мерзімге **қамауға** алуға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда денсаулыққа ауыр зиян келтіруге әкеп соққан **іс-әрекеттер** – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде **айыппұл** салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге **бас бостандығын шектеуге** не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан **іс-әрекеттер** – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соққан **іс-әрекеттер** белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге **бас бостандығынан айыруға** жазаланады.

322-бап. Заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет және есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептілерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау

1. Медициналық немесе фармацевтикалық қызметпен осы қызмет түріне **сертификаты және (немесе) лицензиясы жоқ** адамның айналысуы, егер бұл абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса, **белгілі бір лауазымдарды атқару**



немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде **түзеу жұмыстарына** не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге **қоғамдық жұмыстарға тартуға** не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге **қамауға** алуға жазаланады.

2. Абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соққан дәл сол іс-әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде **айыппұл** салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылға дейінгі мерзімге **бас бостандығын шектеуге** не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, абайсызда адам өліміне әкеп соққан іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге **айыра отырып** немесе онсыз, бес жылға дейінгі мерзімге **бас бостандығын шектеуге** не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептілерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, **бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға** не сол мөлшерде **түзеу жұмыстарына** не бес жылға дейінгі мерзімге **бас бостандығын шектеуге** не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

1-3– қосымшалар

1- қосымша

Рецепт нысаны

	КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО _____
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген № 130/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы наименование организации	Медицинская документация Форма № 130/у Утверждена приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан 23 ноября 2010 года № 907
Ұйымның мәртебаны, шифры Штамп, шифр организации	
РЕЦЕПТ БАЛАҒА АРНАЛҒАН ЕРЕСЕККЕ АРНАЛҒАН ДЛЯ РЕБЕНКА ДЛЯ ВЗРОСЛОГО (сызып қою керек - подчеркнуть) 20 _____ жылғы (года) " _____ " _____ (рецептің жазылған күні - дата выписки рецепта) Сырқаттың ТАӘ, жасы (ФИО больного, возраст) _____ Дәрігердің ТАӘ (ФИО врача) _____	
ТЕҢҒЕ ТИЫН	Rp
ТЕҢҒЕ ТИЫН	Rp
D. S.	
Рецепттің жарамдылығы (рецепт действителен): 10 күн (дней), 1 ай (1 месяц), арнайы тағайындау бойынша: "апта сайын" немесе "ай сайын" (по специальному назначению: "еженедельно" или "ежемесячно") (сызып қою керек - нужное подчеркнуть) ДӘРІГЕРДІҢ ҚОЛЫ МЕН ЖЕКЕ МӘРІ _____ м.о. ПОДПИСЬ И ЛИЧНАЯ ПЕЧАТЬ ВРАЧА _____ м.п.	

2- қосымша . Тегін дәрілік заттарға рецепт нысаны

	КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО _____
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген № 132/е нысанды медициналық құжаттама
Ұйымның атауы наименование организации	Медицинская документация Форма № 132/у Утверждена приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан 23 ноября 2010 года № 907
Ұйымның мәртебаны, шифры Штамп, шифр организации	
ТЕГІН НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛДІКТІ РЕЦЕПТ РЕЦЕПТ БЕСПЛАТНЫЙ ИЛИ ЛЬГОТНЫЙ (сызып қою керек - подчеркнуть) серия _____ № _____ 20 _____ жылғы (год) " _____ " _____ (рецептің жазылған күні - дата выписки рецепта) БАЛАҒА АРНАЛҒАН (ДЛЯ РЕБЕНКА) ЕРЕСЕККЕ АРНАЛҒАН (ДЛЯ ВЗРОСЛОГО) (сызып қою керек - подчеркнуть)	
ТЕГІН	ТӨЛЕМІ БОЙЫНША _____ %
БЕСПЛАТНО	ОПЛАТА _____ %
Науқастың ТАӘ, жасы (ФИО больного, возраст) _____ Диагнозы (диагноз) _____ Мекенжайы (домашний адрес) _____ Медициналық құжаттың (Медицинская документация) № _____ Дәрігердің ТАӘ (ФИО врача) _____ Теңге: тиын: Rp: _____	
D. S.	
Дәрігердің қолы мен жеке мәрі _____ м.о. Подпись и личная печать врача _____ м.п.	

3- қосымша. Негізгі рецептуралық қысқартулар

Қысқартулар	Толық жазылуы	Аудармасы
aa	ana	бойынша, тең бөлінген
ac. acid.	acidum	қышқыл
amp.	ampulla	Ампула
aq.	aqua	Су
aq. purif.	aqua purificata	тазартылған су
but.	butyrum	май (қатты)
comp., cps.	compositus (a, um)	күрделі
D.	Da, Detur, Dentur	Бер. Берілетін болсын. Осылар берілетін болсын
D.S.	Da, Signa; Detur, Signetur	Бер. белгіле. Берілетін, белгіленетін болсын. Берілісін, белгіленісін
D.t.d.	Da (Dentur) tales doses	Осындай дозаларды бер (берілетін болсын)
Dec.	Decoctum	Қайнатпа
dil.	dilutus	Ерітілген
div. in p.aeq	divide in partes aequales	тең бөліктерге бөл
emuls.	emulsum	Эмульсия
extr.	extractum	сығынды, сорып алынған
f.	fiat (fiant)	түзілетін болсын (түзілісін)
gtt.	gutta, guttae	тамшы, тамшылар
inf.	infusum	тұнба
in amp.	in ampullis	ампулаларда
in caps.gel.	in capsulis gelatinosis	желатинді капсулаларда
in tabl.	in tab(u)lletis	Таблеткаларда
lin.	linimentum	сұйық жақпа май
liq.	liqor	Сұйықтық
M. pil.	massa pilularum	пилюльдік масса
M.	Misce; Misceatur	Араластыр. Араластырылатын болсын. Араластырылсын
N.	numero	Санмен
ol.	oleum	май (сұйық)
pil.	pilula	Пилюля
p.aeq.	partes aequales	тең бөліктер
pulv.	pulvis	Ұнтақ
q.s.	quantum satis	қанша қажет етілсе, қанша керек
r., rad.	radix	Тамыр
Rp.	Recipe	Ал
Rep.	Repete. Repetatur	Қайтала. Қайталанатын болсын
rhiz.	rhizoma	Сала тамыр
S.	Signa. Signetur	Белгіле. Белгіленетін болсын
sem.	semen	Ұрық
simpl.	simplex	Қарапайым
sir.	sirupus	Шырын
sol.	solutio	Ерітінді
supp.	suppositorium	Балауыз
tabl.	tab(u)lletta	Таблетка
t-ra, tinct., tct.	tinctura	Тұнба
ung.	unguentum	Жақпа май
vitr.	vitrum	Шыны ыдыс
ppt., praec.	praecipitatus	Тұнған
past.	pasta	Паста

4-7—қосымшалар

4 - қосымша

№ 130/е нысаны бойынша белгіленген үлгідегі рецепттік бланк

РЕЦЕПТ № _____	РЕЦЕПТ № _____
Код _____	Код _____
Денсаулық сақтау ұйымының мөртабы	Денсаулық сақтау ұйымының мөртабы
Жазып берілген күні 20__ ж. «__» _____ Науқастың Т.А.Ә _____ Жасы _____ Мекенжайы _____ Учаскенің № _____ Науқастың медициналық құжаттамасының № _____ Дәрігердің Т.А.Ә _____ Rp: _____	Жазып берілген күні 20__ ж. «__» _____ Науқастың Т.А.Ә _____ Жасы _____ Мекенжайы _____ Учаскенің № _____ Науқастың медициналық құжаттамасының № _____ Дәрігердің Т.А.Ә _____ Rp: _____
Дәрігердің қолы мен жеке мөрі	Дәрігердің қолы мен жеке мөрі
Денсаулық сақтау ұйымы бас дәрігерінің немесе оның орынбасарының қолы	Денсаулық сақтау ұйымы бас дәрігерінің немесе оның орынбасарының қолы
Түзетулерге жол берілмейді Түбіртек денсаулық сақтау ұйымында қалады Бланк нөмірі	Түзетулерге жол берілмейді Бланк нөмірі

5- қосымша

Республиканың әкімшілік-аумақтық бірлігінің шартты цифрлық белгілері

Р/с №	Әкімшілік-аумақтық бірлік	Шартты цифрлық белгісі (коды)
1.	Астана қаласы	658
2.	Ақмола облысы	652
3.	Ақтөбе облысы	645
4.	Алматы қаласы	646
5.	Алматы облысы	660
6.	Атырау облысы	648
7.	Шығыс Қазақстан облысы	647
8.	Жамбыл облысы	649
9.	Батыс Қазақстан облысы	657
10.	Қарағанды облысы	650
11.	Қызылорда облысы	651
12.	Қостанай облысы	653
13.	Маңғыстау облысы	663
14.	Павлодар облысы	654
15.	Солтүстік Қазақстан облысы	655
16.	Оңтүстік Қазақстан облысы	659

6- қосымша . Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды бір рецептіге жазып берудің және босатудың рұқсат етілген шекті нормалары

Құрамында есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттарды бір рецептіге жазып берудің және босатудың рұқсат етілген шекті нормалары

Атауы (ХПА)	Өлшем бірлігі	Көлемі
Бупренорфин 0,2 мг тіл асты таблеткалары	таблеткалар	20
Бупренорфин 1 мл-де 0,6 мг	ампулалар	10
Бупренорфин 1 мл-де 0,3 мг	ампулалар	20
Кодеин	грамм	0,2
Құрамында кодеин бар жетелге қарсы таблеткалар (кодтермопс, кодтерпин)	таблеткалар	20
Морфин	грамм	0,3
Оmnopон	грамм	0,1
Фентанил	грамм	0,055
Тримеперидин	грамм	0,25
Просидол	грамм	0,25
Этилморфин (дионин)	грамм	0,2
Эфедрин гидрохлориді, Псевдозфедрин	грамм	0,6
Натрий этаминалы	грамм	1,0
Тізімнің III Кестесіндегі психотроптық заттар	Таблетка инъекцияға арналған ерітінді	50-ден аспайтын 20-дан аспайтын ампула
Ұйықтататын дәрілер – барбитур қышқылы туындылары	таблетка	12-ден аспайтын

7- қосымша. Дұрыс емес жазылған рецепттерді есепке алу журналы

№	Күні дата	Денсаулық сақтау ұйымының атауы Наименование организации здравоохранения	Дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) Фамилия, имя, отчество (при его наличии) врача	Рецептінің құрамы Содержание рецепта	Анықталған бұзушылықтар Выявленные нарушения	Қолданған шаралар Принятые меры	Дәріхананың, дәріхана пункті маманының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) Фамилия, имя, отчество (при его наличии) специалиста аптеки, аптечного пункта
1	2	3	4	5	6	7	8

Дәрілік орталық

ШЖҚ РМК «Денсаулық сақтауды дамыту орталығы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі




Дәрілік заттарды қолдану және олардың әсерлері бойынша дәлелді медицина принциптеріне негізделген шынайы ақпаратты ұсынады



Медициналық қызметкерлерді дәрілік заттарды ұтымды қолдану бойынша баспа ақпараттарымен, әдістемелік нұсқаулармен, анықтамалықтармен қамтамасыз етіп, жеке сұрақ - сауалдарға жауап береді



Формулярлық комиссияларға ақпараттық, әдістемелік көмек көрсетеді



осы және басқа сауалдарға
ДӘРІЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
мамандары жауап бере алады



ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ҚОҢЫРАУ ШАЛУ ТЕГІН

8 800 080 88 87

сауалдарыңызды www.druginfo.kz сайтына жолдаңыздар

МАТЕРИАЛДЫ ДАЙЫНДАҒАНДАР ДӘРІЛІК ОРТАЛЫҚ МАМАНДАРЫ:

Л.Г. Макалкина, м.ғ.к., PhD, MD, басшы

Г.К., Жусупова, клиникалық фармаколог, жоғары санатты дәрігер, MD, дәрілік заттарды дұрыс қолдану бөлімінің бастығы

Ж.Т. Айсина, провизор, дәрілік заттарды дұрыс қолдану бөлімінің бас маманы

Л.М. Есбатырова, клиникалық фармаколог, MD, дәрілік заттарды дұрыс қолдану бөлімінің бас маманы

С.С. Жалдырбаева, провизор, фармацевтикалық сектор зерттеулері бөлімінің бастығы

А. Рамазанова, провизор, дәрілік заттарды дұрыс қолдану бөлімінің жетекші маманы

А. Басибекова, дәрілік заттарды дұрыс қолдану бөлімінің жетекші маманы

А. Жаменкенова, фармацевтикалық сектор зерттеулері бөлімінің жетекші маманы

Назар аударыңыз!

Дәрілік орталық жарнама берушілермен және дәрілік заттарды шығарушылармен бірлесіп әрекет етпейді. Дәрі дермектер бюллетенін шығару және тарату Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен қаржыландырылады.

Біздің байланыстарымыз:

ҚР ДӘДМ «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМК

Дәрілік орталық

Астана қ., Орынбор к., 8, 18В– кіре берісі, 108– кеңсе

CALL—қызмет телефоны - 8 800 080 88 87

Сайт: www.druginfo.kz

ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ